

"Базалық қаржыландыру субъектілері болып табылатын ұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 мамырдағы № 511 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 20 қарашадағы № 1212 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 3 маусымдағы № 361 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.06.2022 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Базалық қаржыландыру субъектілері болып табылатын ұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 мамырдағы № 511 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 38, 461-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген базалық қаржыландыру субъектілері болып табылатын ұйымдардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі" деген бөлімде: реттік нөмірі 71-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

71.	"Қазақ орман шаруашылығы және агроорманмелиорация ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
-----	--

";

реттік нөмірі 82-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

82.	"Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
-----	--

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

